



**Коммерциялық
емес акционерлік
қоғам**

**АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

*Экономика,
өндірісті
ұйымдастыру және
басқару кафедрасы*

**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӨЛІМІН
ОРЫНДАУ**

5B071800 – Электр энергетикасы мамандығының студенттеріне арналған
әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2015

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Жакупов А.А., Валиева Л.Ш. Дипломдық жобаларда экономикалық бөлімін орындау: 5В071800-Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған экономика бөлімін орындауға әдістемелік нұсқаулықтар.– Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 34 б.

Әдістемелік нұсқау «Электр энергетикасы» факультетінің барлық мамандықтары үшін бакалаврлардың бітіру жұмыстарының экономикалық бөлімін орындауға арналған. Бітіру жұмысының техникалық шешімдерінің экономикалық негіздемесіне қажетті әдістемелік қағидалар мен есептеулерден тұрады. Есептеулерге қажетті анықтамалық мәліметтер келтірілген.

Кесте 19, библиография - 7 атауы.

Пікір беруші: техн. ғыл. канд., доцент Ө. М. Матаев

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2015 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2015 ж.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің негізгі ережелері.....	3
2 ТЭН негізгі бөлімдері	4
2.1 ТЭН негізгі экономикалық көрсеткіштерін есептеу.....	4
2.2 Энергожабдықты ауыстыру және жаңғырту.....	6
2.3 Жобаның экономикалық тиімділігін есептеудің әдістері.....	10
3 Жобаның тиімділігін есептеу.....	15
4 Ғылыми-зерттеу сипаттағы элементтері бар тақырыптар негіздемесі.....	17
А қосымшасы Экономикалық тиімділікті бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану мысалдары.....	19
Б қосымшасы ЭС және ЭЖК қолданыстағы тарифтері.....	23
В қосымшасы Жылу электр стансаларының өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлерінің штаттық коэффициенттері.....	24
Г қосымшасы Электр энергетиканың ұлғайтылған құндық көрсеткіштері...	25
Әдебиеттер тізімі.....	32

Кіріспе

Энергетика кәсіпорыны техникалық мәселелерді шешу кезінде қашан да шығындар мен жоба өндірісінің нәтижелері арасында үйлесімді арақатынасқа ие болуы және күрделі қаржы жұмсаудың жаңа формаларын қарастыруы тиіс.

Бакалаврдың бітіру жұмысының экономикалық бөлімі техникалық тарауларда экономикалық есептеулер көмегімен көрсетілген жобалық әзірлемелерге негізделетін міндетті бөлім болып табылады.

Экономикалық бөлімнің мәтіні АЭЖБУ жұмыстарын дайындау талаптары мен стандартына негізделіп жасалуы тиіс және бітіруші жұмысының негізгі бөліміне сәйкес келуі керек.

Бітіруші жұмысында жалпы көлемі 10 беттен аспайтын жобаның қарапайым техникалық-экономикалық негіздемесі жасалады.

1 Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің негізгі ережелері

Әдетте, барлық бітіруші жұмыстар саланың әртүрлі техникалық шешімдерін жүзеге асырумен байланысты болады. Экономикалық көзқарас тұрғысынан олардың негіздемесін төмендегідей қарастыру керек:

1) Техникалық қайта қаруландыру – өндірістің жеке салаларындағы техникалық деңгейді қазіргі заманғы деңгейге көтеру процесі.

2) Жаңғырту – қолданыстағы жабдықтың құрылымына оның техникалық деңгейін арттыратын, техникалық және экономикалық сипаттамаларын жақсартатын маңызды өзгерістерді енгізу.

3) Қайта құру (реконструкция) – техникалық және ұйымдастырушылық қайта жетілдіру, кешенді жаңарту және негізгі қорларды жаңғырту негізінде қолданыстағы өндірісті түпкілікті қайта құру процесі.

4) Энергия үнемдеу бойынша іс-шараларды енгізу.

5) Жаңа құрылыс.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының элементтерін әзірлеуге қатысты бітіруші жұмыстары бұл ережелерді жоққа шығарады (әдістеме төртінші бөлімде келтірілген).

Техникалық шешімдер тиімділік негіздемесі техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) немесе бизнес-жоспарды жасаумен жүзеге асырылады.

Техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) – экономикалық тиімділікті зерттеу, жасалынатын инвестициялық жобаның экономикалық көрсеткіштерін талдау және есептеу. Жоба мақсаты жаңа техникалық нысанды (объект) жасау немесе қолданыстағы нысанды қайта құру болуы мүмкін.

ТЭН жасау кезінде басты тапсырма инвестициялық жобаға кететін шығындарды және оның нәтижелерін бағалау, жобаның өтелу мерзімін талдау болып табылады.

Алайда, кейде ТЭН-ге технология мен жабдық және оларды таңдау себептерін талдау туралы толық деректер қосымша келтіріліп өтетін жағдайлар да туындайды.

Энергетикада техникалық-экономикалық негіздеме энергетикалық нысанның инвестициялық жобасының техникалық және қаржылық (экономикалық) құрауыштары көрсетілген құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасынды және басқа да мемлекеттерде техникалық-экономикалық негіздеме термині ресми түрде қабылданған термин, ал оның құрамы инвестициялар негіздемесінің құрамына жақын болады.

2 ТЭН негізгі бөлімдері

ТЭН жасау кезінде келесі тақырыптық бөлімдер тізбегі рұқсат етіледі:

1) Ұсынылатын жоба мазмұнының қысқаша сипаттамасы (жобаның технологиялық және инженерлік аспектілері, жобада пайдаланылатын қажетті ресурстар, жеткізушілер).

2) Нарыққа шағын шолу (өткізу нарығы, өндіріс қуаты және өндірістік бағдарлама, сұраныс және нарық, сату болжамы, кәсіпорын қуатын (ең жоғарғы жүктеме) анықтау, электр энергиясы тарифтері және т.б.).

3) Объектінің аумақтық орналасқан жері (қажет болған жағдайда жер телімін немесе бөлмені жалға алу құнын қоса есепке ала отырып, орналасатын жерді алдын ала таңдау және т.б.).

4) Еңбек ресурстары (қызметкерлерді санаттары бойынша бөлудегі болжалды ресурстық қажеттіліктер: ИТҚ, қызметшілер, негізгі мамандар (жергілікті/шетел), болжалды қызметақы және жалақы және т.б.).

5) Жоспарланатын жобаның экономикалық және қаржылық жағдайын жалпы бағалау.

б) Қорытындылар.

Кез келген ТЭН жазу кезінде кейбір тармақтарды қосуға немесе алып тастауға болады. Алайда, бұл ретте бөлімдердің мазмұндамасы логикалық түрде ойластырылған әрі сауатты болуы тиіс.

2.1 ТЭН негізгі экономикалық көрсеткіштерін есептеу

Капиталдық салымдарды анықтау.

Жобалау және құрылыстың капиталдық салымдары бірнеше жасаушыларды құрайды: жабдықты құны, монтаждау/құрастыру жұмыстары және көлік қызметтері. Сонымен бірге, ғимараттар құрылысына кететін шығындар да ескеріледі.

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы ($K_{\text{жалпы}}$) келесі формула бойынша есептелінеді:

$$K_{\text{жалпы}} = K_{\text{қ.ж}} + K_{\text{ж.с}} + K_{\text{м}} + K_{\text{б.с}}, \text{ мың. теңге,} \quad (1)$$

мұндағы $K_{ж.с}$ – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$K_{қ.ж}$ – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{м}$ – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{б.с}$ – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

1-ші кестеде күрделі салымдар жасаушыларының пайыздық арақатынасы келтірілген.

1 кесте – ӘЖ және ПС (%) бойынша құрылыс және монтаждау жұмыстарын, жабдық және басқа шығындарды құраушы құндар

Объект	Кернеу, кВ	Құрылыс жұмыстары	Монтаж және жөндеу	Жабдық	Басқа шығындар
Қосалқы стансалар					
Ашық түрі	35	29	10	55	6
	110-150	30	11	53	6
	220	28	11	56	5
	330	28	11	57	4
	500	27	11	57	5
	750	27	10	55	8
	1150	28	10	52	10
Жабық түрі	110-220	35	7	53	5
КТПБ	35-220	14	7	73	6
Әуе электр беру желісі					
Болат тіректерде	35	87	-	5	8
	110-150	88	-	5	7
	220	89	-	5	6
	330	84	-	10	6
	500	82	-	13	5
	750	84	-	11	5
	1150	70	-	18	12
Темірбетон тіректерде	35	86	-	5	9
	110	85	-	7	8
	220	87	-	7	6
	330	83	-	11	6
	500	80	-	15	5
Ағаш тіректерде	35	84	-	8	8
	110	81	-	11	8
	220	82	-	11	7
Кабель желілері	35	6	76	15	3
	110-220	20	62	15	3

Тиімділікті талдаудағы сыни (критикалық) параметр әдісі.

Жобалаудың бастапқы кезеңдерінде жаңа қондырғының құны туралы сенімді мәліметтер болмайды. Сөйтіп, баламалы нұсқалар бастапқы ақпараттың растылығының әртүрлі дәрежелеріне ие болады. Бұл жағдайда сыни (критикалық) параметр әдісі қолданылады.

Сыни (критикалық) параметр ретінде жаңа техника мен орнын басатын дәстүрлі техника бірдей үнемді болатын жаңа техниканың шекті ықтимал меншікті капиталдық салымдары қолданылуы мүмкін.

Бұл жағдайға келесі шарт жауап береді:

$$S_H = S_a. \quad (2)$$

Егер критерий/белгі ретінде жылдық орташа шығындар пайдаланылса, онда шекті капиталдық салымдар үшін өрнекті келесі түрде жазуға болады:

$$K_H^{пр} = \frac{(S_a - S_T^H) h_y^H (1 - k_{CH}^H)}{\frac{1}{T_C} + \frac{r}{2} + a_H^H}, \quad (3)$$

мұндағы «H» индексі жаңа техникаға қатысты, «a» индексі альтернативті.

2.2 Энергожабдықты ауыстыру және жаңғырту

Қолданыстағы энергокәсіпорындардағы жабдықты ауыстырудың (жаңа техниканы енгізу) техникалық-экономикалық негіздемесінің әдістемелік ерекшеліктері келесідей түрге ие болады:

- баламалы нұсқа ретінде моральдық ескірген жабдықты жаңғырту қарастырылады;
- экономикалық тиімділікті есептеу кезінде негіз (база) ретінде қолданыстағы (ескі) жабдықтың көрсеткіштері алынады;
- ауыстыру нұсқасы бойынша жаңа жабдыққа күрделі қаржы жұмсауды есептеу кезінде ауыстырылатын агрегаттың (оның тарату құнын шегеріп тастағандағы) жете амортизацияланбаған құнын ескерген жөн.

Өндірістік жыл сайынғы пайдалану шығындарын анықтау.

Энергокәсіпорынның жылдық пайдалану шығындарын ($I_{жалпы}$) немесе нақты өндірістік өзіндік құнын есептеу:

$$I_{жалпы} = I_a + I_{e.a} + I_{б.э.с} + I_M + I_\theta + I_K, \quad (4)$$

мұндағы I_a – амортизациялық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы – 5-10%);

$I_{e.a}$ – жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$I_{б.э.с}$ – $I_{з.п}$ және зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 11% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық;

$$I_{з.ж.ж} = (I_{e.a} - I_{п.ф}) \cdot 0,11; \quad (5)$$

мұндағы I_m – материалдық шығындар және қосалқы бөлшектер (мәліметтер жоқ болған жағдайда капиталдық салымдардан 0,5%);

I_o – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы және/немесе электр энергиясы шығындарының құны;

I_k – қосымша шығындар (немесе жанама шығындар – басқару, шаруашылық, кадрларды оқытуға кеткен шығындар, көлік шығындары). Әдетте, бұл барлық шығындар сомасынан 12÷15 % құрайды.

Меншікті орташа жылдық шығындар әдісі.

Өртүрлі типтегі стансалардың нұсқаларын салыстыру тәжірибесінде орташа жылдық шығындар әдісін қолданады. Бұл әдістің мазмұны бойынша, орташа жылдық шығындардың (қосымшада мысал түрінде келтірілген) алынған мәндері бойынша екі салыстырылған нұсқаның ішінде артықшылық ең төмен мәндері бар нұсқаға беріледі. Соңғы түпкілікті шешімді қабылдау кезінде критикалық параметр әдісі негізінде нұсқалардың тиімділігін қосымша санап шыққан жөн.

Есептік формула келесі түрде болады:

$$S_i = \frac{K_0 + r \cdot \frac{K_0}{2} \cdot T_c}{N_y \cdot h_y (1 - k_{CH}) \cdot T_c} + \frac{I_{ЭК}}{N_y \cdot h_y (1 - k_{CH})}, \text{ теңге/кВт} \cdot \text{сағ} \quad (6)$$

немесе

$$S_i = \frac{K_m \left(\frac{1}{T_n} + \frac{r}{2} + a_T \right)}{N_o \cdot h_o (1 - k_{MK})} + S_{Ж}, \quad (7)$$

мұндағы S_i - i -ші нұсқа бойынша меншікті жылдық орташа шығындар;

K_m – меншікті күрделі салымдар, теңге/кВт;

r – капиталға пайыздық мөлшерлеме, дисконттық мөлшерлеме (q). Негізгі капиталдың қалдық құнына белгіленеді және K_0 -ден 0-ге дейін кемиді, сондықтан оның орташа жылдық шамасы формулада көрсетілгендей $K_0/2$ -ге тең болады;

T_n – нормативті қызмет көрсету мерзімі, жыл;

a_T – тұрақты шығындар, қондырғы капиталдық салымдарынан % (амортизациясыз);

N_o – орнатылған қуаты, кВт;

h_o – орнатылған қуатты пайдалану режимі, сағ/жылына;

$K_{МК}$ – меншікті қажеттіліктер үшін электр энергиясын тұтыну коэффициенті, %;

$S_{ж}$ – жіберілген электр энергияның өзіндік құнының жанармай жасаушысы, теңге/(кВт · сағ);

$I_{эк}$ – амортизациялық жасаушысыз жылдық орташа мөлшердегі пайдалану шығындары;

T_m – моральдық тозу мерзімі.

Дисконтталған интегралды шығындар әдісі.

Техникалық-экономикалық негіздеменің бұл әдісі келесі кезеңдерден тұрады:

- салыстыру базасын таңдау;
- бағалаудың көрсеткіштерін (критерий/белгілерін) таңдау;
- есеп айырысу кезеңін анықтау;
- жаңа техниканың сипаттамаларын белгілеу.

Сонымен бірге, салыстырылатын нұсқалар өндіріс режимі (ең жоғарғы/базистік) бойынша салыстырылуы және аймақтың энергия және жылу энергиясын (қуатына) белгіленген қажеттіліктерін қамтамасыз етуі тиіс. Тиімділікті есептеу кезінде интегралды (дисконтты) көрсеткіштерін қолданамыз.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау кезінде ақшалай қаражаттың әртүрлі уақыттағы жылыстаулары мен түсімдерін өлшеу есеп айырысу кезеңінің нақты жылына келтірумен (дисконттаумен) жүзеге асырылады. Дисконттау есеп айырысу жылының кез келген жылына келтірілуі мүмкін.

Дисконт нормасын таңдау біртекті болмайды және бірнеше факторларға байланысты болып келеді:

- нарықтағы капитал жағдайына және есептік пайыз мөлшерлемесіне;
- инвесторлардың капиталдың табыстылық деңгейіне қоятын талаптарына;
- капиталды қаржыландыру көзіне.

Дисконт нормасы инвестордың капиталды баламалы пайдалануы және инвестициялау нұсқаларындағы бірдей қаржылық тәуекелдері кезіндегі табысына сай капиталдың мүмкін бағасын бейнелейді.

Дисконт нормасы – бұдан төмені инвесторға капитал салуға тиімсіз болып саналатын табыстың минималды нормасы. Дисконт нормасына сыртқы факторлардан бөлек ұйымның несиені өтеу қабілетімен, ең жақын және алыс болашағын бағалаумен байланысты ішкі факторлар да әсер етеді.

Есепті жеңілдету үшін капитал салымы бірден жүзеге асырылады, ал пайдалану шығындары мен энергияны өткізу жаңа энергетикалық техниканың моральдық тозуының орташаландырылған мерзімі (T_m) қабылданған есеп айырысу кезең жылдары бойынша тұрақты деп аламыз.

Есептік формула келесі түрде болады:

$$S_i = \frac{m + I_{\text{ЭК}} \cdot \beta_{\text{КЕЛТ}}}{N_0 \cdot h_0 (1 - k_{\text{МК}}) \cdot \beta_{\text{КЕЛТ}}}, \frac{\text{теңге}}{\text{кВт}} \cdot \text{сағ} \quad (7)$$

немесе

$$S_i = \frac{K_0 (1 + \alpha_{\text{П}} \cdot \beta_{\text{КЕЛТ}})}{N_0 \cdot h_0 (1 - k_{\text{МК}}) \cdot \beta_{\text{КЕЛТ}}} + S_{\text{Ж}}, \quad (8)$$

мұндағы $\beta_{\text{КЕЛТ}}$ - әртүрлі уақыттағы шығындар мен нәтижелерді ағымдағы уақыт кезеңіне келтіру коэффициенті.

Электр энергиясының шығындары және өткізу есеп айырысу кезеңі жылдары бойынша тұрақты деген шарт үшін,

$$\beta_{\text{КЕЛТ}} = \frac{(1+r)^{T_M} - 1}{r(1+r)^{T_M}}. \quad (9)$$

Озық техниканың тиімділігіне ықпал жасайтын факторларды талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, дисконт мөлшерлемесінің өскен сайын ауқымды капиталды қажет ететін нұсқаның (біздің жағдайда – жаңа техника) экономикалық артықшылықтары азая түседі. Екіншіден, есептік немесе есеп айырысу мерзімінің қысқарған сайын ауқымды капиталды қажет ететін нұсқаның экономикалық артықшылықтары қысқартылды. Дисконт мөлшерлемесі (тартылатын капитал құны) неғұрлым аз болса, ұзақ мерзімді шешімдерге соғұрлым көбірек мән беріледі, яғни уақыт бойынша алшақтатылған сипаттамалар нәтижеге үлкенірек әсер береді.

Осы жерден тәжірибелік салдар шығады. Әлбетте, мемлекет қаржы тетіктерінің көмегімен энергетикалық техниканың өндіріс саласында да, қолданыста да әлдеқайда ауқымды капиталды қажет ететін, бірақ озық нұсқаларын арнайы ынталандырып отыруы тиіс.

ЭПО-дағы өткізілген электр энергиясын немесе оны жіберу бойынша қызмет көрсетуді есептеу.

Өткізілген/сатылған электр энергиясының құны (C_{Θ}) келесі формуламен есептелінеді:

$$C_{\Theta} = \Delta_{\text{Ж.Ж}} \cdot T_{\text{Ш.Т}}, \quad (10)$$

мұндағы $\Delta_{\text{Ж.Ж}}$ – стансалардың шиналарынан электр энергиясының жылдық жіберілуі, кВт·сағ;

$T_{\text{Ш.Т}}$ – стансалар үшін жіберілген электр энергиясына қойылатын шекті тариф.

Өнімді өткізуден түскен пайданы есептеу.

Пайда қосымша еңбек құнын немесе өндіріс процесінде алынатын қосымша құнның ақшалай көрінісін сипаттайды. Баланстық (жалпы) пайда және таза пайданың шамасы есептелінеді.

Баланстық (жалпы) пайда (P_6) өткізілген өнімнің құны (C_0) мен электр энергиясын өндіру, беру және өткізуге кеткен пайдалану шығындарының ($I_{\text{жалпы}}$) айырымын сипаттайды.

$$P_6 = C_0 - I_{\text{жалпы}} . \quad (11)$$

Таза пайдаға (P_T) таза пайдадан пайдаға салынатын корпоративті салықты (ҚР-да 20% құрайды) шегеріп тастау арқылы анықталады:

$$P_T = P_6 - H_{\text{пайд}} . \quad (12)$$

Энергобірлестік, әдетте, пайда салығын орталықтан төлеп отырады.

Төленуге тиіс пайда салығы аймақтық филиалдар мен бөлімшелер бойынша жұмысшылар санына пропорционалды түрде үлестіріліп бөлінеді.

2.3 Жобаның экономикалық тиімділігін есептеудің әдістері

Капиталдық салымдардың тиімділігі алынатын нәтиже мен жасалған шығындарды салыстыру жолымен анықталады. Әрбір нұсқаның сандық және сапалық сипаттамалары құндық шамада бағалануы тиіс.

Негіздеменің әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

- баламалы (ауыстырылатын) қондырғыны салыстырудың негізін таңдау:

- бағалаудың көрсеткіштерін (өлшемдерін/критерийлерін) таңдау;

- есеп айырысу кезеңді анықтау;

- жаңа техниканың шекті (критикалық) сипаттамаларын белгілеу.

Баламалы (ауыстырылатын) қондырғы ретінде пайдалануда дәстүрлі игерілген ең жоғарғы техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ие техника қарастырылады. Сонымен бірге, салыстырылатын нұсқалар өндіріс режимі (ең жоғарғы/базистік) бойынша салыстырылуы және аймақтың энергия және жылу энергиясын (қуатына) белгіленген қажеттіліктерін қамтамасыз етуі тиіс.

Тиімділікті есептеу кезінде интегралды (дисконттық), қарапайым (ескішілдікке негізделген) көрсеткіштер, сондай-ақ, басқалары да бірге қолданылуы мүмкін.

Дисконтты әдістерді қолдану интегралдық шығындар мен инвестициялық шешімнің нәтижелерін анықтау жобаланатын есеп айырысу кезеңнің негіздемесін талап етеді. Әдетте, есеп айырысу кезеңі ретінде нормативті қызмет кезеңін (амортизациялық кезең) таңдайды. Дегенмен, озық қондырғылар үшін едәуір қысқа болып келетін моральдық тозу кезеңін ескерген дұрысырақ.

Жаңа техника бойынша шекті (критикалық) көрсеткіштерді қажетті ақпарат жоқ немесе ақпараттың нақтылығы аз болған жағдайда анықтауға тура келеді.

Капиталдық салымдардың абсолютті (жалпы) тиімділігін есептеу.

Егер кәсіпорынды дамыту, кеңейту және қайта құру жобаланса, онда экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін есептеу қажет.

а) Жаңа объектінің, кәсіпорынның құрылысы кезінде:

Капиталдық салымдардың абсолютті (жалпы) тиімділігінің коэффициенті есептелінеді.

$$E_a = (C_\theta - \mathcal{E}_{\text{жалпы}}) / K_{\text{жалпы}} = P_\theta / K_{\text{жалпы}}, \quad (13)$$

мұндағы C_θ – негізгі қызметтен түсетін табыс;

$\mathcal{E}_{\text{жалпы}}$ – пайдалану шығындары;

P_θ – теңгерімдік (жалпы) пайда.

б) Кәсіпорынды қайта құру, жаңғырту, энергияны үнемдеу бойынша іс-шараларды енгізу кезінде:

$$E_{\text{к.к}} = (P_2 - P_1) / K, \quad (14)$$

мұндағы P_2 – капиталдық салымдарды өткізгеннен кейінгі пайда;

P_1 – капиталдық салымдарды өткізгенге дейінгі пайда.

Абсолютті экономикалық тиімділіктің келесі көрсеткіші капиталдық салымдардың өтелу мерзімі болып табылады.

Капиталдық салымдардың өтелу мерзімі ($T_{\text{өт}}$) – қаражатты қайтару мерзімі, жалпы (абсолютті) тиімділікке коэффициентіне кері көрсеткіш болып саналады.

$$T_{\text{өт}} = 1 / E_a. \quad (15)$$

Инвестицияның қарапайым өтелімдік мерзімі (paybackperiod, PP) жобамен жасалынатын таза қаржы ағынының есебінен бастапқы инвестицияларды өтеу үшін талап етілетін уақытты сипаттайды. Басқаша айтқанда, өтелімдік кезеңі ағымдағы таза табыс теріс емес болып қалатын кезең ұзақтығы.

Осы әдіске сәйкес, егер өтелімдік мерзімі жобаны іске асыру мерзімінен аз болса, жоба тиімді болып саналады. Өтелімдік мерзімі аз жоба басымдылыққа ие болады.

Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалаудың бұл әдісінің әлсіз тұсы, ол өтелімдік мерзімінен кейінгі мүмкін болатын ақшалай түсімдерді есепке алмайды, инвестициялаудың мүмкіндіктерін қарастырмайды. Сонымен, осы әдіс тұрғысынан қарағанда, бірдей өтелімдік мерзіміне ие екі жоба, тіпті, та-

быстардың әртүрлі уақыттық құрылымы жағдайында да бірдей маңыздылыққа ие болады.

Есептеу формуласы:

$$T_{\Theta \Gamma_i}^I = \frac{K}{\Xi}, \quad (16)$$

мұндағы K - i -ші нұсқа бойынша капитал салымы;

Ξ – жылдық табыс немесе i -ші нұсқа бойынша үнемдеу.

Есеп айырысу мерзімі алдын ала берілген (нормативті) мерзіммен салыстырылады. Жаңғырту нұсқасы үшін:

$$T_{\Theta \Gamma_m}^I = \frac{K_m}{\Xi_m}; \quad (17)$$

$$\Xi_m = S_{\text{ж}}(b_e - b_{\text{ж}})Q_{\text{ж}} \cdot h_y - \frac{a_{\text{жөн}}}{100} \cdot K_{\text{жаңғ}}, \quad (18)$$

мұндағы $b_e, b_{\text{ж}}$ – сәйкесінше ескі және жаңа агрегаттардағы отынның (жанармай) меншікті шығындары;

$K_{\text{жаңғ}}$ - жаңғыртудың капитал салымдары, мың теңге;

$Q_{\text{ж}}$ – жаңа агрегатқа салынатын капиталдық салым, мың теңге; , т/сағ;

h_y – қуатты пайдалану, сағ/жылына;

$S_{\text{ж}}$ – жанармай бағасы, теңге/т у. т.;

$a_{\text{жөн}}$ – жөндеуге кеткен шығындар, %.

Ауыстыруға қатысты толық бір жолғы шығындар ескі агрегаттың амортизациясының шығындарын есепке алады:

$$\Xi_n = S_{\text{ж}}(b_e - b_{\text{ж}})Q_{\text{ж}} \cdot h_y - \frac{a_{\text{жөн}}}{100} \cdot (K_{\text{ж}} - K_{\text{ес}}), \quad (19)$$

мұндағы $b_e, b_{\text{ж}}$ – сәйкесінше ескі және жаңа агрегаттардағы отынның (жанармай) меншікті шығындары;

$K_{\text{ж}}$ – жаңа агрегатқа салынатын капиталдық салым, мың теңге;

$K_{\text{ес}}$ – ескірген агрегаттың толық құны, мың теңге.

Ауыстыруға қатысты толық бір жолғы шығындар ескі агрегаттың амортизациясының шығындарын ескереді:

$$K_n^I = K_n + S_{\text{жа}} - S_{\text{л}}; \quad (20)$$

$$S_{\text{жа}} = K_{\text{EC}} \left(1 - \frac{H_a}{100} \cdot t_H\right), \quad (21)$$

мұндағы $S_{\text{жа}}$ – ескі агрегаттың жете амортизацияланбаған құны, мың теңге;

H_a – амортизация нормасы, %;

T_H – жұмыстың нақты уақыты.

Капиталдық салымдардың салыстырмалы тиімділігін есептеу.

Жаңа техниканы құрылысының немесе енгізудің әртүрлі нұсқалары бар болса, онда олардағы капиталды салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігі есептелінеді.

1-тәсіл. Бағалаудың белгісі ең аз келтірінді шығындар болып табылады. Әрбір i -ші нұсқа бойынша келтірінді шығындар (КШ) салыстырмалы тиімділіктің нормативті коэффициентіне E_H сәйкес жылдық мөлшерліліктер келтірілген жылдық пайдалану шығындарын I_i және x капиталдық салымдарды K_i құрайды:

$$\Pi_{3i} = I_i + E_H \cdot K_i \rightarrow \min. \quad (22)$$

2-тәсіл. Қосымша капиталдық салымдардың өтелу мерзімін есептеу ($T_{\text{өм}}$):

$$T_{\text{өм}} = (K_2 - K_1) / (I_1 - I_2). \quad (23)$$

3-тәсіл. Салыстырмалы тиімділіктің коэффициентін анықтау (E_e):

$$E_e = (I_1 - I_2) / (K_2 - K_1). \quad (24)$$

Келесі шарттағы нұсқа тиімді болып есептелінеді:

$$T_{\text{өм}} \leq T_H, E_e \geq E_H, \quad (25)$$

мұндағы $T_{\text{өм}}$ – есептік өтелу мерзімі;

T_H – нормативті өтелу мерзімі, 6,7 жылға тең;

E_p және E_H – есептік және нормативті тиімділік коэффициенттері ($E_H=0,15$).

Капиталдық салымдардың нормативті (жоспарлы) өтелу (қайтару) мерзімі салынған қаражаттың салыстырмалы экономикалық тиімділіктің нормативті коэффициентіне сәйкес алынатын пайдамен толық өтелетін қандай да бір жылдағы уақыт периодын сипаттайды.

Қазіргі уақытта тиімділіктің бірыңғай директивті орнатылған нормативтері жоқ. Әрбір нақты жағдайды кәсіпорындар жобаларды қаржыландыру

бойынша меншікті мүмкіндіктері немесе тартылатын инвесторлардың талаптарын ескере отырып, өз беттерінше нормативтерді жоспарлы белгілер ретінде орната алады. Жоспарлы экономика шарттарында мемлекеттік органдар E_n коэффициентін салалар бойынша саралау көмегімен жеке салалардағы тиімділікті жасанды жолмен шарықтатты. Мысалы, электр энергетикасында $E_n = 0,12$ және $E_{n. пр.} = 0,08$. Қазіргі уақытта нарықтық қатынастар шарттарында электр энергетикасында бұл коэффициенттер бірдей болуы шарт. Салыстырмалы экономикалық тиімділіктің нормативті (жоспарлы) коэффициенті көп жағдайда 0,15 шамасында қабылданған, бұл өтелімдік мерзімінің шамамен 7 жылына сәйкес келеді және оңтайлы нұсқаның экономикалық негіздемесі бойынша есептеулердің халықаралық тәжірибесінде ең кең таралғаны болып табылады.

Дисконтталған өтелімдік мерзімі әдісі.

Инвестицияның дисконтталған өтелімдік мерзімі – ағымдағы уақыт мерзімінде берілген пайыздық мөлшерлемеде (пайда нормасына) дисконтталған табыстар есебінен жобаны іске асырудың бастапқы шығындарымен өтелетін мерзім.

Бастапқы шығындар – негізгі құралдарды сатып алуға, орнатуға және іске қосуға кететін шығындар. Оңайлату үшін, бастапқы шығындарды жабдықты немесе басқа да негізгі құралдарды пайдалануға іске қосқан кезде бірге пайда болады деп есептейді. Бастапқы шығындарға инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті айналым қаражаты да жатуы мүмкін.

Дисконтталған өтелімдік мерзімі әдісінің мәні инвестициялық жобаны іске асырудың бастапқы шығындарынан инвестициялық шығындардың өтелуі үшін дисконтталған ақшалай табыстар біртіндеп азайтылып отыруына негізделеді. Сонымен, дисконтталған өтелімдік мерзімі инвестициялардың аяқталу уақытында дисконтталған таза табыстар сомасының инвестициялар сомасына тең болатын инвестициялық жобаны іске асырудың қандай да бір жылына тең.

Әдістің артықшылығы – ол инвестициялық жобалар тиімділігінің нақты көрсетілген белгісіне (критерий) ие. Осы әдісті қолдану кезінде жоба өзін іске асырудың экономикалық ақталған мерзімінде өзін-өзі өтейтін болса, жоба қабылданады.

Шетелдік экономикалық әдебиетте дисконтталған өтелімдік мерзімі бір кемшілікке ие екендігі белгіленген: инвестициялық жоба ақталғаннан кейінгі ақша ағындарын назарға ілмейді. Дегенмен, егер дисконтталған ақшалай табыстың есептеулерін инвестициялық жобаның пайдалану кезеңінің соңына дейін жалғастырса, бұл кемшілікті оңай жоюға болады.

Дисконтталған өтелімдік мерзімі әдісі шетелдегі инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау тәжірибелерінде, сондай-ақ, шағын бизнесте кең қолданысқа ие инвестицияның өтелімдік мерзімі әдісіне негізделетінін белгілеп кеткен жөн.

Есептеу формуласы:

$$T_{\Theta T_i}^{\Pi} = \frac{-\ln(1-\frac{K}{\Theta} \cdot r)}{\ln(1+r)}, \quad (26)$$

мұндағы r – дисконт мөлшерлемесі.

3 Жобаның тиімділігін есептеу

Электр энергетикасы капиталды қажет ететін сала болғандықтан (капиталдық салымдарды қайтару мерзімдері 3 жылдан астам) және көзге түсетін нәтижелері көбіне байқалмағандықтан, энергокәсіпорынның ұзақ мерзімді капиталдық салымдар (инвестициялар) туралы шешімдерді қабылдауы кезінде олардың тиімділігін/нәтижелілігін болжау қажеттілігі туындайды. Ол үшін келесі көрсеткіштер есептелінеді:

- таза келтірілген құн – NPV (NetPresentValue);
- инвестициялардың рентабельдік (пайдалылық) индексі – PI (ProfitabilityIndex);
- табыстылықтың ішкі нормасы – IRR (Internal Rate of Return);
- инвестициялардың дисконтталған өтелімдік мерзімі – DPB (Discounted Payback Period).

ТЭН шеңберінде NPV және PI есептеулері жеткілікті.

Жобалардың тиімділігін бағалаудың халықаралық тәжірибесі ақшалардың уақытша құнының тұжырымдамасына негізделеді. Инвестициялатын капиталды пайдалану тиімділігін бағалау инвестициялық жобаны іске асыру және бастапқы инвестиция процесінде қалыптасатын ақша ағынының (cash-flow) салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Егер инвестицияның бастапқы сомасының және капиталды беретін инвесторлар үшін талап етілетін табыстылықтың қайтарылуы қамтамасыз етілсе, жоба тиімді деп танылады.

Инвестициялантын капитал, ақша ағыны сияқты қазіргі уақытқа немесе нақты есеп айырысу (есептік) жылына (әдетте, жобаны іске асыру басынан алдын болатын) келтіріледі.

Дисконттау деп ақшаның болашақтағы құнының оның ағымдағы (қазіргі) құнына келтірілу (түзету жасалу) процесін айтамыз.

Капиталдық салымдарды және ақша ағындарын дисконттау процесі инвестициялық жобалардың ерекшеліктеріне байланысты анықталатын әртүрлі дисконт мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылады. Дисконт нормалары инвестицияланатын капиталда ие болатын немесе өзі қалайтын қайтарудың жыл сайынғы пайызына байланысты инвестормен белгіленуі мүмкін.

Дисконттау коэффициенті, α келесі формуламен есептелінеді:

$$\alpha_t = \frac{1}{(1+r)^{t-1}}, \quad (27)$$

мұндағы t – дисконттауды есептеу уақыты;

r – қарастырылатын мерзім ішінде экономикадағы инфляциялық процестерді ескеретін әртүрлі уақыттағы шығындарды келтіру нормативі ($I_{\text{инф}}$) (дисконт нормасы), жоба табыстылығының минималды кепілді деңгейі.

Есептеулерде E -ні инфляция деңгейіне немесе банк кредитінің мөлшерлемесіне не болмаса инвесторды қызықтыратын мөлшерлемеге тең етіп қабылдауға болады. Немесе капиталдық салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігінің коэффициентіне, яғни $r = E_p$ тең деп алуға болады.

Таза келтірілген құн (NetPresentValue – NPV) ақша ағындарын дисконттау әдістері тобына жатады.

